

Ақынға арналған әдебиет көрмесі

Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында ағымдағы жылдың 18 ақпан күні қазақтың ғасыр, поэзия ақыны Мұқағали Мақатаевтың 84 жылдығына орай оқу ордасының кітапхана қызметкерлері көркем әдебиет көрмесін ұйымдастырды.

Осы жерде, ақынның өміріне тоқтала кеткен жөн. Мұқағали Мақатаев қазіргі Алматы облысы, Райымбек ауданындағы Қарасаз ауылында 1931 жылы 9 ақпанда дүниеге келген. Ол өлеңді он-он бір жасынан жаза бастаған. Ауыл орта мектебін 1948 жылы бітіріп, өз ауылында комсомол, кеңес қызметтерінде болған.

Ең алғашқы өлеңдері аудандық газетте жарық көрген және шығармалары 1960-1970 жылдары басылған. Аудандық газетте әдеби қызметкер, Қазақ радиосында диктор, «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Жұлдыз» журналында поэзия бөлімін басқарған.

Мұқағали Мақатаев ұлттық поэзиямыздағы ірі тұлғалардың бірі. Ол өзінің тамаша өлеңдерімен барша жұртты, оқырмандары сүйіспеншілікпен тамашалап оқитын өлеңдерімен, әндерімен таң қалдырды.

Бүгінгі көркем әдебиет көрмесі М.Мақатаевтың әртүрлі жанрда жазған өлеңдеріне, әдеби кітаптары мен прозаларына толы болды.

Көрменің мақсаты: тыңдаушыларды ақын өлеңдерін терең ұғына білуге үйрету, сүйсіне білу сезімдерін ояту, эстетикалық тәрбие беру, елі мен жерін, отбасын сүйуге тәрбиелеу болып табылады.

Оқу ордасының күндізгі оқыту факультетінің тыңдаушылары Мұқағали Мақатаевтың достық, туған жер, махаббат, Отан, ана және т.б. өлеңдерін Академия қабырғасында өткізілетін іс-шараларда сүйсіне, мәнерлеп оқып, ал әндерін көрермендерге тарту етуде. Оның әнін жырламаған, өлеңімен поэзиясын тамашалап оқымаған адам жоқ шығар деп ойлаймын.

Бүгін Мұқағали жұлдызы қазақ өлеңінің аспанында ерекше нұрланып, жанып, жарқырап көрініп тұр.

Ақынның өлеңдері поэзия сүйер қауымның іздеп жүріп оқитын жырына айналды. Поэзия әлемінің ақыны М.Мақатаевтың өмірімен, шығармашылығына арналған осындай тамаша да мәнді іс-шараны ұйымдастырған кітапхана қызметкерлеріне тыңдаушылар алғыстарын білдіреді.

Орынбасар Уақпаева
ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясының баспасөз
қызметі